

УДК-341.1/8

ЯДРОЛЫҚ ҚҰҚЫҚ- БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ БОЛА АЛАДЫ МА?

Алмазұлы Абдурахман Батухан

Almazuly00@mail.ru

Астана қаласы, Еуразиялық Ұлттық университетінің Заң факультеті,
халықаралық құқық кафедрасының 1-курс студенті
Ғылыми мақала жетекшісі-Қарабаев Ф.Ж

Егер үшінші дүниежүзілік соғыста ядролық бомбалармен күресетін болса, онда төртінші дүниежүзілік соғыста бөренелермен немесе таспен шайқасады Альберт Эйнштейн

Мақаланы бастамас бұрын ұлы қайраткер Уинстон Черчилль айтқанын еске түсірсек, ол : «Ұлыбританияның жауы да, досы да жоқ, тек мүддесі бар». Сол сияқты әр елдің жауы да, досы да жоқ, тек мүддесі ба. Ядролық қару-туралы ой қозғайтын болсам осы қағидаға сүйене отырып талқылаймын. Ядролық қарудың қауіпті-зиян жағы жетерлік. Шетелдерге бармай өз еліміздің мысалын алсақ : «Семей полигонын» айтуға болады. Тек 1949-1963 жылдар аралығында 643 рет сынақ ретінде ядролық бомба жарған. Әрине қазіргі замандағы конвенцияларға әкеліп қараса құқық бұзушылық. Ядролық қарудан зардап шеккен Хиросима мен Нагасакидің өзі адамзаттың қорқыныш үрейін дүрліктірер оқиға болды. Қазірдің өзінде зардап шегуде. Бірақ-ядролық қаруды бейбітшілік кепілі ретінде қарастыруға болады ма? Деген сұраққа жауап беріп көрейік. Ол қалай бейбітшілік кепілі болуы мүмкін? Сол ядролық қарудан мындаған адамдар зиян шеккен жоқ па ? Әрине адамзатқа қасіретін тигізді. Сол ядролық қару үшін әлемде геосаясатта мемлекеттер мемлекетке халықаралық қатынас аренасында бір-біріне санкция қойып, бір-бірі экономикалық тұрғыда шектеуде. Сол қару әлем

үшін неге сонша маңызды болып тұр және геосаясатта ядролық қарудың салмағы қаншалықты маңызды деген сияқты сұрақтарға жауап беріп көреміз. ядролық қаруды түсіну үшін бірінші халықаралық ядролық құқыққа тоқталған жөн.

Халықаралық ядролық құқық дегеніміз - ядролық энергия саласындағы халықаралық қатынастарды реттейтін және ядролық соғысты болдырмайтын нормалар мен принциптер жиынтығы. Адамзат ядролық қару ойлап тапқалы бері халықаралық қатынаста, халықаралық құқықта көптеген өзгерістер енді. Мысалы ядролық қарудың қаншалықты зардабы көп екенін білген соң, ұлы державалар соғыспауға бел буды және де әртүрлі халықаралық ұйымдар ашыла бастады. Соның бірі «МАГАТЭ»^[1] қазақшасы «АҚХА» яғни Международное агентство по атомной энергетик(Атом Қуаты Халықаралық Агенттігі). Бұл келісім 1957 жылы құрылған ұйым. Басты мақсаты ядролық қаруды таратпау тәртібін қолдау, атом қуатын бейбіт мақсатқа қауіпсіз пайдалану жолындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейту мәселелерімен айналысатын үкімет-аралық тәуелсіз ұйым. БҰҰ-жүйесінің мүшесі. Немесе қарапайым тілмен айтқанда атом энергиясын әскери бағытқа ауыстырмауы. Бұл пактіге қол қойған мемлекет ядролық қару жасаумен айналыспауға гарантия береді. Қазіргі таңда «АҚХА» құжатына қол қойған мемлекеттер саны 125 ел. Ал Қазақстан болса 1994 жылы мүше болып кірді. Қазақстан «АҚХА»-да үлкен рөл ойнайды, себебі ядролық қарудан бас тартты және Семей ядролық сынақ полигонын жапты. Қазір «АХҚА» эксперттері Семей полигонын зерттеу үстінде. «АХҚА»-ның басты құқық жағынан артықшылығы мемлекет ішіндегі атом энергетикасымен айналысатын заводты толық тексеруге және әскери сынақ-операцияның ашық түрде өтуін талап етуге құқылы. Және функциясы мен қызметі туралы айтатын болсам: -атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және сол идеялогияны зерттеу адамзатты соған ынталандыру;

-ғылыми жетістіктер мен әдістер алмасуды ынталандыру;

- ядролық бағдарламаларды әскери мақсатта пайдаланбайтыны туралы кепілдіктер жүйесін қалыптастыру және алдын ала сақтау;

- сақтану және қауіпсіздік шараларын әзірлеу, құру және бейімдеу

Сонымен қатар «АХҚА» егер атом энергетикасын тасымалдаған жағдайда да жоғары ерекшеленген мемлекеттік қауіпсіздікпен қамтамасыз етіледі.

1946 жылы 24 қазаннан бастап ядролық қаруға қарсы күрес жүргізіліп келеді.

Ал Қазақстан болса өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. 1991 Жылы 29 тамызда «Семей» полигонын жауып, Қазақстан ядролық қарудан таза және де ҚР-ядролық сынақ жүргілізмейді. Бұған дәлел Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес жасалған келісім жасалды. Осы Шарттың ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. 2017 жылдың шілдесін де Нью-Йоркте жасалды. Ал егер Қазақстан Республикасы «Ядролық Қаруды» алған күнде, қалай әрекет ету керек?

Заңға сәйкес 17 баптың 2-бөлімін оқысақ: 17-бап

1. Қолданылу мерзімі және одан шығу

2. Осы Шарт мерзімсіз болып табылады.

Әрбір қатысушы мемлекет шарттың мазмұнына байланысты ерекше мән-жайлар оның елінің жоғары мүдделеріне қауіп төндірді деп шешсе, өзінің мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру тәртібімен осы Шарттан шығуға құқылы. Мұндай шығу туралы ол депозитарийді хабардар етеді. Мұндай хабарламада оның жоғары мүдделеріне қауіп төндірді деп қарастырылған ерекше мән-жайлар туралы мәлімдеме қамтылуға тиіс.

3. Мұндай шығу депозитарий шығу туралы хабарламаны алған күннен кейін 12 ай өткен соң ғана күшіне енеді. Алайда, егер осы он екі айлық кезең өткен соң шығып жатқан қатысушы мемлекет қарулы қақтығыс тарапы болып табылса, бұл қатысушы мемлекет қарулы қақтығыс тарапы болуды тоқтатқанға дейін, осы Шарт және кез келген қосымша хаттамалар бойынша мән-жайлармен байланысты болып қала береді. ^[2]

Енді осы келісім шарттан, ешқандай экономикалық қыспаққа түспей саяси сахнада өз беделін ұстап, қалай шығуға болады? «елінің жоғары мүдделеріне қауіп төндірді деп шешсе...» Оны қалай түсіндіруге болады? Айта кеткендей «кішкентай мемлекеттерге» өз тәуелсіздігі мен бейбітшілігін сақтау үшін ядролық қаруға қол жеткізеді. Егер ядролық қару пайда болғалы бері соғыстың диаграммасын жүргізсек, яғни ядролық қару пайда болғанға дейін 73 жыл, ядролық қару пайда болғаннан кейін 73 жыл шеңберінде артқа қайтамыз (соғыс санына есепке алмадым; революция, азаматтық соғыс, бостандық соғысы, конфликт, кішігірім әскери операциялар, азаматтық. **Есепке алдым : «Жаулап алушылық соғыстарды»**) : Сонда 1945-1949 жылға дейін 114 ірі соғыс болған, ал 1945-1949 жылдардан қазіргі күнге дейін 53 ірі соғыс болған, яғни мемлекет пен мемлекет арасында. Сонымен соғыс көрсеткіші екі есе азайған, еске ала кетсек халықаралық гуммандық құқық ядролық қаруға дейін болған түсініктер. Сонда халықаралық гуммандық құқық адамзатқа айтарлықтай толыққанды көмегін тигізбей отыр дегені ғой, көмегі некен-саян. Енді осы жерден түйетініміз әлемдік геополитика жайында, қарап отырсаңыз «бейбітшілік гарантиясының» жоқтығы. Өткен заманға бармай-ақ 21-ғасырда Ресей мемлекетінің жүргізген соғыстары, яғни шешен мемлекетінен басқа, «оңтүстік Осетия, Абхазия» және өзінің ағайынды мемлекеті «Украиндан» Қырымды тартып алуы. «Судет» жерінің өзі бейбітшілік жолмен алған. Және Сирия мемлекетінің суверенитеті сақталмауы. Енді «ядролық клуб» мемлекеттеріне тоқталамыз, Ядролық клубтың жалғыз «заңды» мүшелері ретінде халықаралық құқықтық деңгейде «ескі» ядролық державалардың мәртебесі (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай және Ресей) 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың ережелерінен - IX баптың 3-тармағындағы құжатта: «Осы Шарттың мақсаттары үшін ядролық қаруға ие мемлекет 1967 жылғы 1 қаңтарға дейін ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыны өндіретін және жарылған мемлекет болып табылады». Осыған

байланысты БҰҰ мен бес «ескі» ядролық державалар (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері ретінде ұлы державалар) «Ядролық клуб» мүшелерінің соңғы төрт «жас» (және болашақ болашақ) пайда болуы халықаралық заңсыз деп санайды. Сол заңсыз мемлекеттерге: Индия, Пакистан, КНДР, Израиль мемлекеттері жатады. Жаңалықтарға қарасақ қазіргі таңда алғысы келетін мемлекет өте көп, соның бірі Иран мемлекеті. Иран мемлекеті қазіргі таңда санкцияларға тап болды. Иран мемлекеті 1950 жылдан бері Еуропа мен Америка мемлекетімен антогонизм саясатын ұстануда, санкция күшіне енуіне көптеген факторлар әсер етті. Ал ядролық қаруына санкция 2010-жылдан бері актуалді. 2012 жылдың есебімен Иран 3 жылдың ішінде 100 млрд АҚШ долларынан айырылыпты дейді БАҚ.^[3]

Екінші мемлекет- Израиль. Израильдің ядролық қаруы - бұл Ресми түрде, Израиль өзінің ядролық қаруы болғаны туралы ешқашан мәлімдеген жоқ, ол ядролық қарудың бар екенін растамайды немесе жоққа да шығармайды. Сонымен бірге Израиль Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған жоқ, Және Израильде 3 түрлі ядролық қару бар, 3 түрлі-ТРИАДА (Жер, ауа, су) Ядролық клуб бойынша ядролық қару санымен, қуаттылығына байланысты Израиль 6-орынды емденеді. Ең қызықтысы Израильді бұл ісі үшін Санкция барбауына алмаған.^[4] Ал Пәкістанда сол секілді мысалы, БҰҰ-84 мемлекет ішінен 82 мемлекет дауыс беруі. Оған дәлел; «19 мамыр - Пәкістан премьер-министрі Зульфикар Али Бхутто Пәкістан үшін өздерінің ядролық сынақтарын жүзеге асыру «тағдыры» болатын оқиға туралы мәлімдеме жасады, және Пәкістан Үндістанның «ядролық шабуылына» ешқашан төтеп бере алмайды. 21 қараша - БҰҰ Бас Ассамблеясы Пәкістанның Оңтүстік Азиядағы Ядролық қарудан азат аймақ құру туралы ұсынысын мақұлдады. Ұсыныс 82 дауыспен қабылданды және 2 қарсы: Үндістан мен Бутан қарсы дауыс берді.»^[5] Ендігі таңда ойланып қарасаңыз Израильдің ядролық қару алуы ойға қонымды іс, кішкентай мемлекет өзінің бостандығын сақтау үшін, Пәкістанда сол себеппен.

Ал Қазақстан Республикасы нағыз Азияның жүрегінде орналасқан, және де бізді оккупант мемлекеттер қоршап отыр. Біздің елге басқа елдің аннексиясына болмайтына не кепіл? «шарт бойынша НАТО-мүшелері тең құқылы және де барлық мемлекетке ядролық қаруды қолдануға болады, әрине ең соңғы төтенше жағдайда.»^[6] Өкінішке орай Қазақстан Республикасы НАТО-құрамында жоқ. Ал егер сол бейбітшілікті ойлап Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы -мемлекеттерімен әскери союз құрса сол мемлекеттер мүддесімен жүруге тура келеді. Тарих бойынша бұл жол жақсы прагматикадан өткен, мемлекеттерді басқа мемлекетпен жауластырып өзіне бағынышты қылып ұстауы. Мысалы; Қазақтың мақалы «"қара қытай қаптаса, сары орыс әкендей көрінер"^[7] дейді бірақ бұған қарсы мақал «орыспен дос болсаң, айбалтаң қасыңда болсын...»^[8] дейді, мағынасы терең. Дос бола тұра, қорғанар қаруың болсын дегені ғой. Немесе жапон мемлекетінің даналығы «қылышты ешқашан қолданбасаң да қасыңда

болсын» дейді. Сол сияқты Қазақстан Республикасының өз қаруы болуы. Сыни көз қараспен мыналай тұжырымдамаға келуге болады:

Ядролық қаруды қолдану- адамзатқа қасірет әкеледі. Ядролық қару-оқталмаған тапанша секілді. Бар бірақ, қолданбайды. Тек үрейлендіру үшін қажет. Қазіргі таңда «жаулаушылық» соғыс азайды, дегенменде. Ал ядролық қару қолданған жағдайда да ол жерге зиянын тигізеді, жай тигізіп қоймай табиғатты, экологияны 200-250 жылға өлі етеді. Егер жерді қолданбаса несіне соғысады? Сондықтан алпауыт мемлекеттер кішкентай мемлекеттерге милитаризмдік саясатын жүргізбейд. Өйткені ол кіші мемлекеттің «ядролық қаруы» бар. Өзімен бірге жаулашы мемлекетке де қауіпін тигізе алады. Осындай жағдайда ғана үстемдік көрсетуші мемлекет ойланады, және шиелініс мәселесі барынша дипломатиялық жолмен айқындалады. Тарих бойынша әрбір азамат прагматик болу керек. Тек соғыс кезінде коалиция құрылады, тек сол коалицияда бар мемлекеттің құқығы тең мүдде де, тең дәреже жүреді, ал қалған уақытта үстемдік жүргізу арқылы. Сондықтан мемлекет осындай қуатқа ие болу керек. Көп жастар ядролық қаруға қарсы. Демократияның мемлекетке кері жағыда бар әрине, тек белгілі эксперттердің ой-саптарын тыңдау керек деп ойлаймын. Халық демократиясы көбінесе анархизмге әкеліп соқтырады. Оған мысал көп. Сондықтан халықтың ішінен таңдалып алынған белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткерлердің дауысы маңызды. Сондықтан соғыс құқығы үлкен тақырып. Зерттеуге тұрарлы, әлеуметте маңызды орынға ие. Әрине пацифист болу керек. бірақ әлемде геосаясат басқаша. Ал Қазақстан қандай пайдасын тигізе алады? Біріншіден ол қарапайым химиялық элемент уранды «ядролық қаруы» бар мемлекетке сатпау және таратпау. Оған айта кететін ҚР ядролық құқығының 1 бап 1 бөлімі ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды қайсыбіреуге бермеуге, сондай-ақ осындай қаруды немесе жарылғыш құрылғыларды тікелей де, жанама түрде де бақылауды бермеуге. ЖАНАМА-яғни жанама түрде де. Ал қортындылай келе талқылығы сала отырып, бір тұжырымға келе алу қиын. Өзінің пайдасы да бар, кем жағы да бар.

Бұл мақалада ядролық қару туралы сөз қозғалды. Қазақстан Республикасы өзін өзі қорғау ретінде ядролық қаруға қол жеткізе алады ма? Және де алған күннің өзінде не күтіп тұр. Осы сұрақтарды халықаралық ядролық құқық заңынан қарастырамын.

В этой статье я расскажу о ядерном оружии. Может ли Республика Казахстан получить ядерное оружие в качестве самообороны? И что произойдет в тот день, когда РК получит ядерную оружие. Эти вопросы рассмотрим с международного ядерного права

In this article I will talk about nuclear weapons. Can the Republic of Kazakhstan obtain nuclear weapons as self-defense? And what will happen on the day when Republic Kazakhstan gets a nuclear weapon. These issues will be considered from international nuclear law

Әлеуметтік статистика 1 студент, 1 аға-оқытушының ойларын білу үшін 3 сұрақ қойылып жазбаша жауап алу.

Сұрақтары:

1)Сіз ҚР Ядролық қаруға қол жеткізгенін қалар ма едіңіз ?

2)«Ядролық қару» - бейбітшіліктің кепілі деген ойға келісесіз бе?

3)Ядролық қару ҚР Евразияның державасына айналдырады ма?

1.Жоқ, қаламар едім! Қол жеткізгені жайлы айтатын болсам, бізде Кеңестік Республикадан қалған 1216 боеголовка, ракета РС-20(satana) секілді ядролық қарудың үлкен запасы қалған еді. Бірақ, 1992 жылдың Лиссабондық келісімге сәйкес, Қазақстан Ядролық қарудан бастартқан болатын. Мемлекеттің басқаруында отырған тұлғалардың осындай запастың барына қарамай, Ядролық қарудан бас тартқаны, әрине бейбітшілікті және қосымша проблемалардан құтылу жолында көксегені айқын!

2. Қосымша проблема? Ия, себебі қазіргі таңда ҚР Ядролық қаруы бар мемлекет болса, ондай жағдайда жылына 35 млрд теңге жаңа мектептер мен ауруханаларға салуға емес, жарылатыны қашан белгісіз?, Ядролық қаруды жабдықтау мен артын жабумен кетер еді! Оған қоса, елімізге Әлем елдерінен Халықаралық санкциялар, штрафтар, блокировкалар салумен қатар, журналисттердің, экологтардың, демократтардың айтар сөздері, ҚР ауызды дуал қылмақ еді.

3. Ядролық қарудың Евразияның державасына айналу-айналмауын дүп басып айту қиын, бірақ елімізде "Ядролық қарулы мемлекетпіз"-деген, еркектердің сөздерін, джип орнында-жигулидің, моданың орнында-ескі социологияны көрер едім...

Қолданылған әдебиеттер:

1. Москва «Международные отношения»-Международное право-2000 г стр-630-633
2. Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа қол қою туралы
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 617 Жарлығы
4. neftegaz- Иран потерял более 100 млрд долл США за 3 года санкции
5. Иран и атомная бомба Израиля-17.11.2011 Лоран Цеххини
6. Википедия парақшасы-ядролық клуб
7. <https://tvzvezda-НАТО-> мемлекетінің мүшелер
8. Ермұхамет Маралбек. Бүлдіргі бір сөз туралы...-dalanews
9. Қазақтың мақалдар жинағы 2008-96 бет